**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print)**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

# ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

# THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
Abai Kazakh National Pedagogical University

PUBLISHED SINCE 1944

**3** (397)

MAY – JUNE 2022

ALMATY, NAS RK

**БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы,** филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нұрланұлы,** PhD, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан), **H = 2**

**ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **H = 2**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **H = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **H = 4**

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **H=2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **H = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыб**екқызы**,** экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **H = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **H = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **H = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **H =2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **H = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген
**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.
Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*
Мерзімділігі: жылына 6 рет.
Тиражы: 300 дана.
Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2022

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Канcеитович,** доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

**ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович,** PhD, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

**УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:**

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович,** доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович,** доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 4**

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна,** доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Ляззат Мыктыбековна,** доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна,** доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна,** доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

**«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы). Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан **№ 16895-Ж,** выданное 12.02.2018 г.
Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*
Периодичность: 6 раз в год.
Тираж: 300 экземпляров.
Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

**EDITOR IN CHIEF:**

**TUIMEBAYEV Zhanseit Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

**DEPUTY CHIEF DIRECTOR:**

**BILYALOV Darkhan Nurlanovich,** Ph.D, Honorary Member of NAS RK, Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

**SCIENTIFIC SECRETARY;**

**ABYLKASYMOVA Alma Yessimbekovna,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

**EDITORIAL BOARD:**

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich,** Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich,** Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 4**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova,** Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna,** Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3.**

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of
a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications
of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж,** issued on 12.02.2018.
Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*
Periodicity: 6 times a year.
Circulation: 300 copies.
Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 3, Number 397 (2022), 136-148
https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.307

ӘОЖ 14.35.09

**Э.Ә. Өтебаева*, А.Ә. Солтанбекова, А.Б. Шормақова**

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан.
E-mail: *elmira_abdigali@mail.ru*

# ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНА ҚАТЫСТЫ ИДИОЭТНИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ЭТНОТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Аннотация.** Мақалада қазақ жігіттері мен қазақ қыздарының өзіндік бейнесі, ұлт руханиятына сай қасиеттері мен сан қырлы сыры сөз етіледі. Қызды мінсіз (идеал) тұлға ретінде марапаттайтын танымдық бірліктер анықталады. Қазақ қызына қатысты тілдік бірліктер ұлттың менталитетін танытатын тілдік көрсеткіш ретінде айқындалады. Мақалада тілдің лексикалық байлығы негізінде халықтың рухани, мәдени өмірін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан хабар беретін атаулардың ерекшеліктері сипатталды. Бағалау жүйесінде қыз болмысына, қыз бейнесіне, қыз сын-сипатына деген талғамдық, танымдық критерийлер көрсетілді. Қыз сынына қатысты кез келген тілдік бірліктерде ұлттық дүниетаным, тәлім-тәрбие, салт-дәстүрлер көрініс береді. Қыздың сынына қатысты тілдік бірліктерді коммуникативті бағытта оқыту арқылы, олардың сөздік қорын байыта түсеміз әрі ұлттық тәлім-тәрбие бере аламыз. Қызға қатысты этномәдени мұраны деңгей бойынша бейімдеп, оларды студенттерге ұлттық құндылықтар мен ұлттың тарихи даму кезеңдерін танытатын күрделі құрал ретінде оқыту қажет. Мақалада қызға қатысты атаулардың мазмұнын аша отырып этнотанымдық тілдік білімін толықтырады. Нәтижесінде студент қазақ қыздың бітімін танытатын, білдіретін сөздердің тілтанымдық қалыптасу мен даму жолын, мағынасын түсіне алады.

Мақалада қазақ қызының болмысын, киім киісін, жүріс-тұрысын сипаттайтын лингво-мәдени бірліктерді танытуда бірнеше жаттығулар

мен тапсырмалар берілді. Ол тапсырмалар арқылы оқушының лингвомәдени білім көкжиегі кеңейе түсті.

**Түйін сөздер:** жігіт сыны, қыз сыны, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, бағалау, ұлттық менталитет, рухани мәдениет, этикалық норма, эстетикалық таным, этнопедагогика, лингвомәдени бірліктер, жаттығулар мен тапсырмалар.

**Э.А. Утебаева*, А.А. Солтанбекова, А.Б. Шормакова**

Институт языкознания им. А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан.
E-mail: *elmira_abdigali@mail.ru*

## МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ И ЭТНОЯЗЫКОВЫЕ ОСНОВЫ ИДИОЭТНИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ ПО ОТНОШЕНИЮ К ОБРАЗУ КАЗАХСКОЙ ДЕВУШКИ

**Аннотация**. В статье рассказывается о самобытном образе казахских парней и девушек-казахов, о свойствах и многогранности духовности нации. Определяются когнитивные единицы, которые награждают девушку как совершенную (идеальную) личность. Языковые единицы по отношению к казахской девушке определяются как языковой показатель, отражающий менталитет нации. В статье описаны особенности названий, которые на основе лексического богатства языка передают духовную, культурную жизнь, традиции и обычаи народа. В системе оценивания были отражены вкусовые, познавательные критерии к бытию девушки, образу девушки, характеру девушки. В любом языковом единстве, касающемся критики девушки, отражается национальное мировоззрение, воспитание, традиции. Благодаря коммуникативному обучению языковым единицам, относящимся к критике девушки, мы обогащаем их словарный запас и можем дать национальное воспитание. По отношению к девочке необходимо адаптировать этнокультурное наследие по уровню и обучать их как сложный инструмент, отражающий национальные ценности и этапы исторического развития нации. В статье раскрывается содержание имен, относящихся к девушке, дополняет ее этноязыковые знания. В результате студент может понять значение, языковое становление и развитие слов, обозначающих казахскую девушку.

В статье представлен ряд упражнений и заданий по проявлению лингвокультурных единиц, характеризующих идентичность, одежду и поведение казахской девушки. Благодаря этим заданиям были расширены горизонты лингвистических и культурных знаний студента.

**Ключевые слова:** критика парня, критика девушки, обычаи, традиции, оценка, национальный менталитет, духовная культура, этическая норма, эстетическое познание, этнопедагогика, лингвокультурологические единицы, упражнения и задания.

**E.A. Utebayeva*, A.A. Soltanbekova, A.B. Shormakova**

A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: *elmira_abdigali@mail.ru*

## METHODOLOGICAL AND ETHNO-LINGUISTIC FOUNDATIONS OF IDIOETHNIC UNITS IN RELATION TO THE IMAGE OF A KAZAKH GIRL

**Abstract.** The article tells about the original image of Kazakh boys and girls-Kazakhs, about the properties and versatility of the spirituality of the nation. The cognitive units that reward a girl as a perfect (ideal) person are determined. Language units in relation to the Kazakh girl are defined as a language indicator that reflects the mentality of the nation. The article describes the features of names that convey the spiritual, cultural life, traditions and customs of the people on the basis of the lexical richness of the language. The evaluation system reflected the taste and cognitive criteria for the girl's existence, the image of the girl, the character of the girl. Any linguistic unity concerning the criticism of a girl reflects the national worldview, upbringing, traditions. Thanks to the communicative training of language units related to the criticism of the girl, we enrich their vocabulary and can give a national education. In relation to the girl, it is necessary to adapt the ethno-cultural heritage to the level and train them as a complex tool that reflects national values and stages of the historical development of the nation. The article reveals the content of the names related to the girl, complements her ethno-linguistic knowledge. As a result, the student can understand the meaning, language formation and development of words denoting a Kazakh girl.

The article presents a number of exercises and tasks on the manifestation of linguistic and cultural units that characterize the identity, clothing and behavior of a Kazakh girl. Thanks to these tasks, the horizons of linguistic and cultural knowledge of the student were expanded.

**Key words:** criticism of the boy, criticism of the girl, customs, traditions, assessment, national mentality, spiritual culture, ethical norms, aesthetic knowledge, ethnopedagogics, linguistic and cultural units, exercises and tasks.

**Кіріспе.** Қазіргі жаһандану кезеңінде мәдени танымдық бірліктерді мағынасына қарай тақырыптық аяда, мағыналық өрісте қарау, олардың табиғатын жалпы ұлттық менталитетпен байланыстыра қарастыру, яғни ұлттық мәдени аспектілерін ашып қарастыра зерттеу кең үрдіс алып келеді. Мұндай тәсіл тілдегі этномәдени атауларды эстетикалық, дүниетанымдық, мәдени-тарихи тұрғыдан терең, жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Өйткені шындық өмірдегі зат, құбылыс атаулары бір-бірімен байланысып, біріне-бірі ұштасып, бір-бірімен астасып жатады, іргелестік қатыста болады. Сөздің тілдегі мағыналық аясы мен өрісіне, өзге ұғымдармен сыбайластығына назар аударсақ, бір ғана атаудың өзінде қаншалықты мәдени ұлттық мазмұн жатқанын, этностың материалдық, рухани мәдениетінде алатын орнын айқын аңғаруға болады. Ондағы мақсат – тілдің лексикалық байлығы негізінде халықтың рухани, мәдени өмірін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, ой-жүйесі мен дүниетанымын жан-жақты ашып көрсету.

Тіл байлығының танымдық мәнін анықтау ұлттың әлеуметтік рухани, мәдени болмысын саралап тануға мүмкіндік береді. Сондықтан ұлттық тілдің ерекшелігін, табиғатын ашу бағытында тіл туралы онтологиялық көзқарасты сол тілде сөйлеуші халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихымен және мәдениетімен тығыз байланыста қарастыру – қазіргі тіл білімінің, соның ішінде қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Сондықтан қазіргі қазақ этнолингвистика ғылымы алдында жинақталған тәжірибені теориялық әрі практикалық тұрғыдан тиянақтап қорытындылау, тиісті ғылыми талдау жүргізіп, соның негізінде тіл бірліктерін этномәдени семантикамен анықтап белгілеу міндеттері қойылып отыр. Этнолингвистика саласы біздің көбінесе тілдің осы қасиетін зерттеуге, халық тілінің байлығын мүмкіншілігін толық қамтып, оның ішкі мазмұнына терең үңіліп, қыр-сырын анықтай түсуге бағыттайды.

**Зерттеу материалы мен әдістері.** Этностың, ұлттың мәдени-танымдық жүйесін зерттеу барысында теориялық-әдістемелік негіз ретінде антропоцентристік және когнитивтік лингвистиканың «ғаламның тілдік бейнесі» теориясының қағидалары басшылыққа алынады. Қазақ лексикасындағы этномәдени атаулардың нақты деректері жүйелілік қатынаста қарастырылады және шетел, отандық ғалымдардың лингвистика, когнитивті лингвистика және концептология, этнолингвистика салаларындағы теориялық-әдістанымдық қағидалары басшылыққа алынып, ғылыми-теориялық негіз болады.

Зерттеуде тілдік деректерді жинақтау, сипаттау тәсілдері тәсілдері де қолданылды. Сонымен бірге, жеке жаттығуды оқытуда жеке тілдік

бірліктердің мағынасын ашу әдісі, бақылау әдісі, сұрау әдісі, сандық және сапалық талдау әдісі, тіл байлығын дамытуда қолданған мәтінмен жұмыс жасау әдістері қарастырылды. Сондай-ақ, өз бетімен ізденім әдісі, шығармашылық талдау әдісі, құрылымдық топтау әдістері де қолданылды.

**Талқылау.** Адамның жыныс ерекшелігін бейнелейтін тілдік сөздер ұлттың тарихын, дүниетанымын, психологиясын, рухани-мәдени өмірін өз бойына сіңірген маңызды лингвомәдени бірліктер болып табылады. Мәселен, қазақ халқында жас ерекшелігі мен тұрмыстық беделіне қарай, әйел адамды: қыз, бойжеткен, бикеш, келіншек, қатын, ана, шеше, апа, бәйбіше, тоқал, әже, кемпір, өгей ана, ене т.б. десе, ер адамды: жігіт, бойдақ, еркек, аға, әке, ата, шал, қарасақал, ақсақал т.б. лингвомәдени бірліктермен сипатталады.

Қазақ салт-дәстүрінде жеке-дара адамды және сол адамдардан тұратын қалың көпшілікті бағалайтын «жақсы», «жаманнан» басқа да танымдық өлшемдер мен объектілер бар. Солардың бірі – өзіндік бір ерекшелігі бар әлеуметтік топ саналатын жастар қауымының көрнекті де көрікті өкілдері – жігіттер мен қыздар. Бұлар басқа жұрттан өзгешелеу, елдің бетке ұстар ұлдары мен қыздары. Олар ұлт ұландары, көз қуантар көркі, үміт артар болашағы, өміршең өркені. Сондықтан да болар, қазақ қауымында үлкенге құрмет, жасқа ізет көрсете отырып, жігіт пен қыз әулетіне деген көңіл, көзқарас мүлдем басқаша. Оларға артылар үміт пен сенім де, оларға қойылар талап пен сын да, оларға берілер баға мен өлшем мүлдем өзгеше, ауқымы кең.

«Жігіт сыны», «Қыз сыны» деп қазақ жігіттері мен қазақ қыздарының өзіндік бейнесін, ұлт руханиятына сай оның моральдық-этикалық, эстетикалық, физиологиялық, психологиялық қасиеттері мен сан қырлы сырын паш етіп, идеал тұлға ретінде марапаттайтын танымдық және бағалау жүйесіне барып саяды.

Қазақ тілінің лексика-фразеологиялық байлығында «жақсы жігіт», «жақсы қыз» деген жалпы ұғымдардың қыр-сырын, мәні мен мәнісін жан-жақты ашатын тілдік бірліктер өте көп. Қазақ қауымын құрайтын саны көп, сапасы сан алуан әлеуметтік топтардың ішінде азаматтық мәртебесі биік топқа «жігіттер» жатады. Бұрын да, қазір де өресі биіктеп, өрісі кеңеймесе, «жігіт» ұғымының мәртебесі төмендеген емес. Жігіттің баламасы – «ер азамат», «азамат». Ел қорғаны болған ер жігіттің ерен ерлігінен басталып, бармағынан бал тамған сұлу да шебер қыздың ақ саусақтарының салаларына дейін сипаттайтын сөз өрнектері бүгінгі өмірімізде жаңғырып, жандана бастаған «Жігіт сыны», «Қыз сыны» атты дәстүрімізді шынайы ұлттық тұрғыдан танып білуге байланысты.

Ғалым Нұргелді Уәли қыз сынын қыздың сұлулығын анықтайтын әрі айғақтайтын ғұрыптық мәнді шара екенін айта келе, қыз сынын «Түйе тарту (тайлақ шешу)», «жез бұйдалы інгеннің биі», «түйе шешу» деп әртүрлі атаумен аталып келген ғұрыптардың құрамдас бөлігі екенін айтады (Уәли, 2017: 142).

Қазақ болмысында жалпы қыз баласына әсіресе «жақсы қыз», «сұлу», «ару» ұғымдарына байланысты ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі көзқарасы, өзіндік таным, бағалау принцип-критерийлер барлығы белгілі. Халық ауыз әдебиеті мен эпостық жырларда, халықтың даналық сөздерінде «қазақ қызының идеалы қандай?» деген сауалға жауап та бар. Дегенмен, ол деректер бүкіл көркемсөз әлемінде, рухани жадымызда інжу-маржандай шашырап жатыр десек те болады.

Қызға қырық үйден тиым деп халқымыз әрқашан да қыз баланы ибалылыққа, иманжүзділікке, болмысы өзгеше нәзіктікке, сыпайылыққа тәрбиелеуге аса жауапкершілікпен қараған.

Уақыт өте келе, халқымыздың салт-дәстүрінің өзгеруіне, жаңалануына байланысты бұл модельдер де өзгеріп, жаңғырып отыруы заңды. Өткен замандағы көшпелі қазақ өмір талабына, салт-дәстүріне сәйкес өсіп-өнген, тәрбие алған қазақ қыздары мен бүгінгі өркениетті ел жағдайындағы жасаушы қыздарымызды бір қатарға қоюға болмайтын сияқты. Өйткені ұлттық менталитетіміз өзгере бастады. Дегенмен, дәстүр жалғастығы әлі үзіле қойған жоқ. Бағалылыққа деген көзқарасымызда қыз болмысына, қыз бейнесіне, қыз сын-сипатына деген талғамдық, танымдық критерийлерімізде әлі де Абай дәуіріндегі ұғым-түсінігіміз сақталып келеді.

Сондықтан да «Қазақ қызы идеалына» Абай көзімен қарап, төмендегі өлең жолдарына тағы бір көз салсақ:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген іш қайнайды.
Сөйлесе, сөзі әдепті һәм мағыналы,
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды
Жұп-жұмыр ақ торғындай мойыны бар,
Үлбіреген тамағын күн шалмайды.
Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік,

Қос алма кеудесінде қисаймайды.
Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,
Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды.
Етіндей жас баланың білегі бар
Әжімсіз ақ саусағы іске ыңғайлы.
Қолаң қара шашы бар жібек талды,

Торғындай толқын ұрып көз таңдайды (Абай). Көріп отырғанымыздай, Абай өзінің осы бір ғана өлеңі арқылы қазақ қызының өз кезіндегі идеалын суреттеп отыр. Қазақ қызының сын-сипатын суреттеудегі тәсілі қазір де «Қыз сынына» қойылар талаптардың ең бастыларын атап отырған сияқты. Солай бола тұрса да, «Қазақ қызы кім?» деген сауалға жалпы түрде болса да жауап беретін болсақ, ең алдымен мынадай моделді (үлгіні) көз алдымызға елестете алар едік.

**1. Қыз – перзент.** Перзент болғанда да, қалаулы перзент. Отау құрған жас жұбайлар асыға күткен алғашқы перзенті қыз болса, қатты қуанған, өйткені қыз бала шаңыраққа құт-береке әкеледі деп сенген. «Ырыс алды - қыз» деген сөз осыдан қалған. Ырыс алды атанған қазақ қыздарының баршасы – дүниеге алғаш келген «отау баласы» - қыздар.

**2. Қыз бала - ата-анасының көз қуанышы.** Көп ұл арасындағы ерке-тотайы, отбасының көркі, әкесінің – қамқоршысы, ананың – жәрдемшісі, өзінен кейінгілердің тәрбиешісі.

Қыз бала өсіп-өніп, бойжеткенге дейін тек ата-ананың ғана емес, барша туған-туыс, көрші-қолаң, ауыл-аймақтың назарында болып, мәпеленіп тәрбиеленетін өте нәзік жан. «Қызға қырық үйден тыю, қала берді қара күңнен тыю» деген сөз қыз тәрбиесіне деген жауапкершілікті аңғартса керек. Өйткені, «ұл елдің намысы, қыз – ұлттың намысы» дейтін де сөз бар. Қыз баланың алдындағы жауапкершілік ұлт болашағының алдындағы жауапкершілік деген сөз.

Қазақ халқында қыз баланың тәрбиесіне өте жоғары көңіл бөлінген. Қыз балаға бала кезінен көңіл бөліп, бес жасқа толғанда, жеті жасқа толғанда, он екіге толғанда, күйеуге бергенде арнайы ырымдар жасалған. **Жеті жасқа келгенде** аналары белін белбеумен буып қоятын болған. Ал **он екіге келгенде** аналары қызының төсегіне дәл жауырынның астына келетіндей етіп қос арқан керіп соған ұйықтатқан. Сондықтан да ежелгі қазақ қыздары бұраң бел, аршын төс, сымбатты болып өскен. Қызы он екіге толғанда ата-анасы киіз үйдің оң босағасынан орын беріп, оның көрпе-төсегін көлегейлеп, шымылдық ілген. Бұл дәстүр ел ішінде **«қызын оң жаққа шығару»** деп аталады. Шымылдық ішінде «қыздың үйі» - «қосаға», ал осы қосағаны бүркемелеп тұрған перде «көсеге» делінеді. Қызы тұрмысқа шыққанда жасауымен бірге көсегесін де ала

кетеді. «Көсегең көгерсін» деген тілек сөз осы дәстүрге байланысты қалыптасқан. Қыз баланың ұзатылуына 6 ай қалғанда жеке үй тігіп, қызын сол отауға бір жеңгесімен бөлек шығарған. Бұл үй – «доғалаң» деп аталады. Бойжеткен осы үйде ерте тұрып, кеш жатып, өз алдына қазан-ошақ ұстап, қонақ қабылдап, үй тіршілігін атқарып, отбасылық өмірге үйрене бастаған (Қайдар: 2013: 333).

**3. Бойжеткен қыз – елдің көркі, өмірдің қызығы, тұрмыстың сәні.** Бойжеткен қыздар, ержеткен ұлдар – өмірдің ұйтқысы. Олар ұйтқы болған, олар өзек болған, олар негіз болған өмір ғана толыққанды өмір бола алады. Қазақ өмірінде, оның барша салт-дәстүрінде қыз-келіншек, ер-жігітсіз бірде-бір той-томалақ, ойын-сауық, қызықты кеш өткен емес. Бұлардың бәрі ежелден ұлттық менталитет ретінде қалыптасқан салт-дәстүр. Барша қызық-тамашаны бастайтын да, қызықтыратын да, қыздыратын да жастар қауымы.

**4. Қыз – қонақ.** Қазақ дәстүрінде қыз баланы «жат жұрттық» деп әрқашан төрге шығарып, құрметке бөлеген. Өсіп жетілген қыз ұзатылып, бөтен үйдің түтінін түтетіп, отын жағатынын ескеріп, аялап, мәпелеп өсірген. Бойжеткен қыздың ерте ме, кеш пе, әйтеуір, жат жұрттық болары, құтты орнына қонары табиғи нәрсе. «Бойжеткен қыз», «ұзатылар қыз» атанып, ата-ана, ауыл-аймақ, ел-жұртының ерекше назарында болады, оған деген ерекше құрмет, ашық айтып, есіне салып отырмаса да, ата-баба салт-дәстүрі бойынша, жақын адамдардарының көңілінде «қыз - қонақ» деген бір сезім тұрады. Бұл – бауырмалдық, мейірбандық қимастық ерекше сезім. Оған байланысты кешегі қазақ салтында көптеген әдет-ғұрыптар, ырым-кәделер қалыптасқандығы белгілі.

Атап айтқанда, «**қызкөрсетер** – қалыңдығын көруге ең алғашқы рет келген күйеуден, қалыңдық жеңгелерінің алатын кәдесі», «**қызкөтерер** – күйеу жігіттің ұрын барғанда қыз жеңгесіне беретін кәдесі», «**қызқашар** – дәстүрлі ортада қыз ұзатылар алдында жастардың басын қосып, арнайы өткізетін ойын-сауық салты», «**қызқұшақтар** – күйеу жігіттің ұрын барған кезінде қызды құшақтатқанда қыз қалыңдықтың жеңгесіне беретін кәдесі», «**қызойнақ** – ұзатылатын қалыңдықтың құрметіне өткізілетін ойын-сауық түрі», «**қызтанысу** – ұзатылатын қыздың өз әкесінің босағасынан аттанардан бұрын жеңгесін, әпке-сіңлілерін ертіп, туған-туыстарымен, жекжаттарымен қоштасып, аралап шығу салты» (Уәли, 2017: 145).. **Көрпе қимылдатар** – күйеужігіт қалыңдығына ұрын барғанда берілетін кәделердің бірі. Қалыңдықтың жеңгесі көрпенің шетін көтеріп, жабайын деп сыңай танытады. Күйеу жігіт қыздың жеңгесіне кәде сыйын береді. **Шашсипатар/**

**Шашсипар** – үйлену салтында атқарылатын кәденің бірі. Ол күйеу мен қалыңдықты табыстырып, жақындату үшін қыз жеңгесіне күйеудің беретін жол-жоралғысының, кәдесінің де аты», **Шымылдық ашар / Шымылдық байлар** – күйеу жігіт ұрын келгенінде қыз жеңгелеріне беретін кәделерінің бірі (Уәли, 2017: 655).

Жоғарыда келтірілген ұғымдар қазақ ұлтының рухани, материалдық мәдениетіне, салт-дәстүріне, тарихы мен мәдени мұраларына қатысты құндылықтар жинақталған еңбектерде тілдік тұлғаның қоғамдық санасын, тілдік санасын әр алуан білімдер жүйесімен байытатыны «Мемлекеттік тілдің лингвистикалық базасын құраған жаңа қазақ сөздіктері» мақаламызда егжей-тегжейлі айтылған (Өтебаева, 2017: 118).

**5. Қыз – өріс.** «Қыз – өріс, ұл-қоныс» деп таныған қазақ халқы өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. Қыз өсіріп, оны ұзатып, ұрпақ өрбіту, өрісін кеңейту – табиғи заңдылық. Ғалым Нұргелді Уәли (Уәли, 2017: 133) табиғи заңдылықтан басқа қоғами заңдылықтың болғанын айтады. Қазақ тұрмысында күйеуге шыққан қыз бір шаңырақтың ғана алыс-беріс, барыс-келіс жасайтын өрісі ғана емес. Қазақ қоғамында қалыптасқан құдалық институтының тәртібі бойынша қыздың күйеу жұрты ондай қонақты қадірлеп қарсы алып, риза етіп аттандыруға тиіс. Қыз берген жақ «біздің қызымыздың барған жері, жиеніміздің елі деп, қызды «қонысқа» санамаса да, «өріске» санап отырған. Қазақ елі қызды «өріске» балай отырып, руаралық өршіген дау-дамайды қыз алысып, қыз берісу жолымен шешіп, ел ішін бүтіндеген. Руаралық қатынасты жолға қойып, елді татуластарған. Өштескен, жауласқан, қоныс үшін таласқан екі арыс елдің арасындағы татулыққа қыздың дәнекер болған мәлім.

Қазіргі оқыту үрдісінде оның ішінде тілдік бірліктерді этнотанымдық тұрғыдан оқытудың белсенді әдістері кеңінен қолданылады. Атап айтқанда, интерактив әдісі, іскер ойындар, пікірсайыс, миға шабуыл, оқу дискуссиясы т.б. Мысалы, ақпарат әдісі (лекция, әңгіме), ізденім әдісі (диспут, іскер ойындар), ситуативті әдіс, конструктивтік әдіс, диагностикалық әдістер кеңінен қолданылады. Мысалы, бағалау жүйесінде қыз болмысына, қыз бейнесіне, қыз сын-сипатына деген талғамдық, танымдық критерийлер көрсетілді.

**1-тапсырма.** Қыз болмысына тән талғамдық ерекшеліктерін дәлелдеңіз.

**Мақсаты:** қыздың бейнесін ашатын критерийлерге мәтін мазмұны арқылы келу, тоқталу.

**Міндеті:** қызға қатысты этнотанымдық маркерлерге мәлімет жинақтап талдау жасау.

**2-тапсырма.** Қызға қатысты нақыл сөздердің, атаулардың семантикалық ерекшеліктерін анықтаңыз.

**Мақсаты:** қыздың болмысын ашатын идеоэтникалық бірліктердің мағыналық, тұлғалық топтарына тоқталу.

**Міндеті:** қызға қатысты атауларға мәлімет жинастыру, лингвомәдени танымдық талдау жасау.

Қызға қатысты атаулардың мазмұнын аша отырып этнотанымдық тілдік білімін толықтырады. Нәтижесінде студент қазақ қыздың бітімін танытатын, білдіретін сөздердің тілтанымдық қалыптасу мен даму жолын, мағынасын түсіне алады.

Этнотанымдық тұрғыдан құрылған жаттығу түрлерінің дұрыс таңдалуы студенттің, оқушының жүйелі білім алуына ықпал етеді. Сондықтан тапсырмалар мен жаттығуларды ақпараттық-мәтінді және этнолингвистикалық принциптерді игерту жаттығулары, тапсырмалары мен тест сұрақтары деп бөліп қарастырған жөн. Мысалы төмендегідей тапсырманың түрін қарастырайық.

1.Ақпараттық-мәтінді жаттығулар:

Жаттығулар мен тапсырмалар қатары төмендегідей:

**1-тапсырма.**

Қыз баласына тән лингвомәдени бірліктер қатарын айтып шығыңыз.

**Мақсаты:** қыз бала – болашақ ана ретінде танытатын мәтін мазмұнына тоқталу.

**Міндеті:** мәтіннен қазақ қоғамында қыз баланың тәрбиесіне қатты көңіл бөлгендігін білдіретін салт-дәстүр, жоралғы, тиым, нақыл сөздер қатарын жинақтап, лингво-мәдени талдау жасау.

**Күтілетін нәтиже:** Мәтінді талдай отырып, қазақ отбасындағы қыз баланың тәрбиесі ерекше болғандығын, әлпештеп, аялап өсіргендігін танытатын тілдік бірліктердің мәнін ашады. Аталған тапсырманы орындау арқылы студент, оқушы «ұят», «намыс», «ар» ұғымдарының мәнін, ерекшеліктерімен танысты, мысал жинау арқылы аялық білімін тереңдетті.

**2-тапсырма.** Қазақ қыздары туралы жырлаған ақын-жазушылардың шығармларынан үзінді келтіріп, сол үзіндіден «қазақ қызына» тән сипаттаулардың семантикалық ерекшеліктерін анықтаңыз.

**Мақсаты**: қыздарды адамгершілікке, адалдыққа, ізгілікке, инабаттылыққа баулу жолдарын көрсету

**Міндеті:** Қазақ қыздары туралы жырлаған ақын-жазушылардың шығармаларынан мәлімет жинастыру, лингвомәдени танымдық талдау жасау.

**Күтілетін нәтиже:** қыз баласы туралы мақал-мәтел, нақыл сөздердің, ақын-жазушылардың ой-толғамының мәнін, мазмұнын аша отырып

этнотанымдық тілдік білімін толықтырады. Нәтижесінде студент, оқушы қазақ қызының тәрбиесіне ерекше мән бергендігін білдіретін сөздердің тілтанымдық қалыптасу мен даму жолын, мағынасын түсіне алады. Ұят, ар, намыс деген ұғымдардың терең мағынасына үңіле алады.

• Қыз өссе елдің көркі

• Қызға қырық үйден тиым

• Қыз - өріс, ұл - қоныс

• Екі ауылдың арасын жол қосады,
Екі елдің арасын қыз қосады.

• Қыздың жолы жіңішке

• Қыз мінезінде ұяңдық пен әдеп бірге кездессе, бірін-бірі жасырыңқырап тұрады, ашықтық пен абайсыздық бірге кездессе, бірін-бірі асырыңқырап тұрады (Ғабит Мүсірепов).

•Қызы анадан үйренбей өнеге алмас, Ұл атадан үйренбей сапар шекпес (Қорқыт Ата).

**3-тапсырма.** Мәтін бойынша жоспар құрыңыз, қазақ әйелінің баскиім атауларының этнолингвистикалық сипатын, ерекшелігін дәлелдеңіз.

**Мақсаты:** қазақтың ұлттық киім үлгілерінің ішінен семантикалық статусы өте жоғарысы — баскиім екенін танытатын мәтін мазмұнына тоқталу.

**Міндеті:** баскиімнің түрлеріне, ұлттық өрнек мәнеріне, тігілуіне қарай әртүрлі болғандығы жайында мәлімет жинақтап, талдау жасау.

